

"Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 422 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 193 қаулысы

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы "Жетісу облысының аумағында ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" № 422 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 208424 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесінің қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы

" " №

қаулысына қосымша

Жетісу облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағалары

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жыл (теңге)	2025 жыл (теңге)	Айырмашылығы (- теңге)
1.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет ақпараттық	шаршы см	400		0

	материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)			400	
2.	Жетісу облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	шаршы см	97	97	0
3.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	шаршы см	184	184	0
4.	Республикалық маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	таңба	142	90	52
5.	Өңірлік маңызы бар мәселелерді жария ететін интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және	таңба	38		0

	орналастыру) (Bi)			38	
6.	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	375 000	350 000	25 000
7.	Міндетті теле-радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Жетісу облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	10685	10685	0
8.	Жетісу облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (	минут	15 000		0

	ақпараттық бағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Br)			15 000	
9.	Жетісу облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликті дайындау және орналастыру) (Br)	секунд	570	570	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК